

## Тайынша ауданы Яснополян ауылдық округі Дашка-Николаевка селосының құрамдық бөліктеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Яснополян селолық округі әкімінің 2010 жылғы 28 маусымдағы N 9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 шілдеде N 13-11-182 тіркелді.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "селолық", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Яснополян ауылдық округі әкімінің 25.06.2018 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес және халық пікірін ескере отырып ауылдық округтің әкімі

**ШЕШТІ:**

1. Тайынша ауданы Яснополян ауылдық округі Дашка–Николаевка ауылының құрамдық бөліктеріне қосымшаға сәйкес атау берілсін:

- бірінші көше – Степная;
- екінші көше – Новобриловская;
- үшінші көше – Школьная;
- төртінші көше – Центральная;
- бесінші көше – Молодежная;
- алтыншы көше – Садовая;
- жетінші бұрылыс – Рабочий.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округтің әкімі*

*В. Шпаковский*